

## **Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне титан қалдықтары мен сынықтарына қатысты кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін белгілеу туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 89 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы шешті:

1. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) ЕАЭО СЭҚ ТН 8108 30 000 0 кодымен сыныпталатын титан қалдықтары мен сынықтарына қатысты кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі осы шешім күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралықта кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне (Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2012 жылғы 16 шілдедегі № 54 шешіміне қосымша) мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 8108 30 000 0 коды бар позицияның төртінші графасы ескертуге " <sup>57С</sup>)" деген сілтемемен толықтырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескерту мынадай мазмұндағы <sup>57С</sup> ескертуімен толықтырылсын:

"<sup>57С</sup>) Кедендік құнның 0 (нөл) % мөлшеріндегі кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 18 тамыздағы № 89 шешімі күшіне енген күннен бастап қоса алғанда 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі аралықта қолданылады.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*В. Христенко*